

*Г.И. Кушенова*¹, Ж.Н. Нышанбай²*

¹ *т.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан*

E-mail: kushenova_gi@enu.kz

² *Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ PhD докторанты, Астана, Қазақстан*

E-mail: zhanerke113@mail.ru

КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ЦЕНЗУРАНЫҢ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА ЫҚПАЛЫ: ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ КҮРЕС ТҮРІНДЕ

Аңдатпа

Мақалада кеңестік Қазақстанда қызмет атқарған саяси-идеологиялық цензураның әдеби шығармашылыққа ықпалына тарихи талдау жасалынған. Цензураға қарсылық ұлттық күрес сипатында айшықталған. Коммунистік партия жүйесі өнер мен әдеби шығармашылық салаларын өзінің идеологиялық мүдделерін жүзеге асыруда құрал ретінде қолдануға үлкен күш жұмсады. Осы мақсатта партияның идеологиялық бөлімі негізгі билік аппараттарының біріне айналды. Кеңес Одағының билік құрылымы шығармашылық пен ғылым өкілдерінен мемлекеттің саяси-экономикалық жетістіктерін насихаттауды талап етті. Ал, ұлттық мәдениет пен тарих салаларына күмәнмен қаралынды. Әдеби шығармашылық партияның саяси-идеологиялық цензурасының бірінші нысаны болып табылды. Себебі, қоғамның әдеби шығармаларға деген сұранысы өте жоғары болды. Бұл рухани қажеттілік ағымын бақылауға алу, тиісті органдардың алдыңғы міндеті саналды.

Әдебиет өкілдері өздерінің шығармаларын саяси жүйенің талаптарына сай жүзеге асыруға тырысты. Бірақ, ұлттық сана мен тарихты жаңғыртуды көздеген қаламгерлер де болды. Олардың жеке өмірлері түрлі қысымдарға тап болды. 1930 жылдары қазақ жазушыларының биліктің ашық цензурасының жазалану факторларына ұшырағандығы белгілі. 1960-1980 жылдары әдеби шығармашылық өмірдегі цензураның қадағалау әдістері біршама жұмсарды. Бұл ұлттық мәдени құндылықтарды оқырманға жеткізетін туындылардың өмірге келуіне біршама жол ашты. 1980 жылдардың соңында саяси-қоғамдық шарттардың өзгеруіне орай кеңестік цензура өзінің мәнін жойды.

Кілт сөздер: жазушылар, Кеңес Одағы, цензура, әдеби шығармашылық, саяси-идеологиялық бақылау.

*Кушенова Г.И. *¹, Нышанбай Ж.Н. ²*

¹ *к.и.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

E-mail: kushenova_gi@enu.kz

² *Phd докторант ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

E-mail: zhanerke113@mail.ru

ВЛИЯНИЕ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЦЕНЗУРЫ В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ НА ЛИТЕРАТУРНОЕ ТВОРЧЕСТВО: В ФОРМЕ ИДЕОЛОГИЧЕСКОЙ БОРЬБЫ

Аннотация

В статье сделан исторический анализ влияния политико-идеологической цензуры, действовавшей в советском Казахстане, на литературное творчество. Система коммунистической партии приложила огромные усилия для использования сфер искусства и литературного творчества как средства реализации своих идеологических интересов. С этой целью идеологический отдел партии стал одним из основных аппаратов власти. Структура власти Советского Союза требовала от представителей творчества и науки пропагандировать политико-экономические достижения государства. Советская цензура к национальной культуре и истории относилась скептически. Литературное творчество явилось первым объектом политико-идеологической цензуры партии. Это связано с тем, что спрос общества на

литературные произведения был очень высоким. Первой задачей соответствующих органов было взять под контроль указанную духовную нужду общества.

Представители литературы стремились реализовать свои произведения в соответствии с требованиями политической системы. Но были и писатели, которые пытались возродить национальное сознание и историю. Их личная жизнь столкнулась с разным давлением. Известно, что в 1930-е годы казахские писатели подвергались наказаниям открытой цензуры власти. В 1960-х и 1980-х годах методы цензуры в литературной творческой жизни несколько смягчились. Это проложило путь к воплощению в жизнь произведений, передающих национальные культурные ценности читателю. В конце 1980-х годов советская цензура потеряла свою сущность из-за изменения политических и общественных условий.

Ключевые слова: Писатели, Советский Союз, цензура, литературное творчество, политико-идеологический контроль.

*G.I. Kushenova*¹, Zh.N. Nyshanbai²*

¹ Candidat of Historical Sciences, docent, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan

E-mail: kushenova_gi@enu.kz

² PhD student of L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan

E-mail: zhanerke113@mail.ru

THE INFLUENCE OF POLITICAL CENSORSHIP IN SOVIET KAZAKHSTAN ON LITERARY CREATIVITY: IN THE FORM OF IDEOLOGICAL STRUGGLE

Abstract

The article makes a historical analysis of the influence of political and ideological censorship that operated in Soviet Kazakhstan on literary creativity. The Communist Party system has made great efforts to use the spheres of art and literary creativity as a means of realizing its ideological interests. To this end, the ideological department of the party has become one of the main apparatus of power. The power structure of the Soviet Union required representatives of creativity and science to promote the political and economic achievements of the state. Soviet censorship was skeptical of national culture and history. Literary creativity was the first object of political and ideological censorship of the party. This is due to the fact that society's demand for literary works was very high.

The first task of the relevant authorities was to take control of this spiritual need of society. Representatives of literature sought to realize their works in accordance with the requirements of the political system. But there were also writers who tried to revive national consciousness and history. Their personal life faced different pressures. It is known that in the 1930s Kazakh writers were punished by open censorship of the authorities. In the 1960s and 1980s, the methods of censorship in literary creative life softened somewhat. This paved the way for the realization of works that convey national cultural values to the reader. In the late 1980s, Soviet censorship lost its essence due to changes in political and social conditions.

Keywords: writers, the Soviet Union, censorship, literary creativity, political and ideological control.

Кіріспе. 1970-1980 жылдары кеңестік Қазақстанда Жазушылар Одағы саяси-идеологиялық және ғылыми-қоғамдық салаларды реттеуде жетекші қызмет атқарды. Сонымен қатар, оның ішкі өмірі коммунистік партияның жіті бақылауында болғандығын атап өту керек. Мемлекет жазушылардың шығармашылық потенциалдарын танытуына үлкен мүдделі болды. Осыған байланысы Жазушылар Одағы қаржылай-материалдық көмекті жоғары дәрежеде алды. Бірақ, жазушылардың әдеби шығармаларының еркіндігіне және объективтілігіне қатаң шектеу қойылды.

Жазушылардың өмірі мен қызметтік даму жолын қауіп-қатерге тірейтін тарихи кезеңдер мен құбылыстардың болғандығын көреміз. Ол тақырыптармен айналысу жазушылар үшін қауіпті саналды. Біздің көзқарасымыз бойынша жазушыларды тәуекелдерге апаратын тақырыптар келесілер болып табылды:

1. Ежелгі дәуір әдебиеті;
2. Ортағасырлық кезең;
3. 1917 жылғы Ақпан революциясына дейінгі жаңа заман дәуірі;
4. Тұлғалардың өмірін зерттеу;
5. Ұлттық мәдениет және тарихи құндылықтарды насихаттайты тақырыптар;
6. Шетелдік әдеби шығармаларға баға беру және қызығушылық.

Жоғарыда аталған тарихи-әдеби аспектілерге қатысты шығармашылық жазу немесе пікір таныту жазушылардың өміріне тікелей қауіп туғызды. Коммунистік партия билігі жазушылар мен өнер адамдарын идеологиялық қару ретінде қолдануды мақсат етті. Осы мақсатта шығармашылық салаға мемлекеттік бюджеттен үлкен қаржылар бөлінді. Бірақ, жазушылардың алдына бір ғана міндет қойылды ол кеңес үкіметінің мүддесіне қызмет ету және шығармаларын осыған арнау. Біздің көзқарасымыз бойынша сол дәуірдегі әдебиет өкілдері саяси-идеологиялық цензураның бар екендігіне көздері жетті және онымен санасуға мәжбүр болды. Сонымен қатар, жазушылар биліктің жасанды шектеулерінің еркін шығармашылық ойға тигізетін зиянының салдарларын анық ұғынды деп айтуға болады.

1970-1980 жылдары саяси-идеологиялық цензура 1930-1940 жылдармен салыстырғанда біршама жұмсартылды. Оның күресу әдістері өзгеріске ұшырады. Бұрынғы сталиндік жазалау әдістері үшін жоғалтты. Алайда цензураның мақсаты мен міндеттері өзінің негізгі сипатын сақтап қалды.

Бұл тақырыптың өзектілігі кеңестік саяси-идеологиялық цензураның жазушылардың ұлттық сана-сезімін толық шектеуге қабілетті болмағандығын айқындаумен сипатталады. Себебі, жазушылардың бірқатар топтары ұлттық тарихи-мәдени сананы оятатын шығармаларды жазудан қорықпады және кезкелген қатерлерді қабылдады. Сол кезеңдегі ұлттық сананы оятатын жазушылардың шығармалары қазіргі тәуелсіз Қазақстанның болашақ жастарын патриоттық сезімге тәрбиелеуде үлкен рөл атқаруда.

1970-1980 жылдардағы Қазақстандағы әдеби өмірдің дамуын талқылаған ғылыми еңбектер болмады деуге негіз бар. 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздік алуы кеңестік кезеңдегі әдебиеттің мәселелерін ғылыми қайта қарауға жол ашты. Осыған байланысты сыни позициядағы еңбектер пайда болды. С.Әшімбаев [1] кеңестік дәуірдегі Қазақстанның жазушылық саласының қалыптасуы мен дамуы, мәселелік тұстарына ғылыми баға берген алғашқы авторлардың бірі. С.Әшімбаевтің пікірі бойынша қазақстандық жазушылар өздерінің шығармаларында шындыққа ұмтылу қабілеттерін ешқашан жоғалтқан емес. Ж.Смағұлов [2], Р.Нұрғали [3] еңбектерінде қазақ әдебиетінің 1970-1980 жылдардағы даму кезеңіне жан-жақты баға берілген. Сонымен қатар, жазушылардың шығармашылық қабілетінің дамуына кедергі келтірген факторларға талдаулар жасалынған.

С.Сейітов [4] өз еңбегінде жекелеген жазушылардың кеңестік билік органдарының тарапынан қысымға ұшырау себептеріне пікірін танытқан. Ө.Әбдіманұлы [5] 1970-1980 жылдардағы кеңестік Қазақстандағы жазушылардың шығармаларындағы шындықтың бейнелерін басқа қырынын көрсетуге ұмтылған.

Ж.С. Әділханова [6] 1970 жылдардағы кеңестік Қазақстандағы жазушылардың қызметіне жасалынған мемлекеттік құрметтердің себептері мен салдарларына баға беруге ұмтылған. Сонымен қатар, кеңестік жазушылардың шығармашылық бағытының қазіргі кезеңдегі бағыттан өзгешелігіне салыстырмалы талдау жасалынған. Д.А. Аманжолованың [7] кеңестік кезеңде жазылған тарихи романдардағы оқиғалардың шынайылыққа қаншалықты қатысы барлығын тарихи деректер арқылы сипаттайды. Сонымен қатар автор жазушылар мен ғылым өкілдерін тарихи фактілерден ауытқуға итермелеген саяси-идеологиялық факторлардың себептеріне баға берген.

А.Б. Мусагулова [8] Қазақстандағы кеңестік идеологиялық цензураның тарихына қатысты көлемді ғылыми еңбек жазды. Оның ғылыми жұмысында 1920-1991 жылдар арасындағы кеңестік цензураның Қазақстанда атқарған қызметіне жан-жақты талдаулар жасалынған. Автор өнер мен шығармашылық салаларындағы кеңестік цензураның рөлі мен тигізген зардаптарына шынайы баға берген.

Материалдар. Мақалада кеңестік дәуірдегі Қазақстанның әдеби шығармашылық өмірінен хабар беретін ғылыми материалдар жинақтары, газет-журналдар, қаулылар мен хаттамалардың деректері пайдаланылды. Аталған материалдар жұмыстың деректік қорының артуына үлес қосты.

Әдіснама. Бұл зерттеу жұмысында тарих және гуманитарлық ғылымдардың әдістері кеңінен қолданылды. Кеңестік цензураға ұшыраған жазушылардың қудалану себептерін айқындауда тарихи-генетикалық әдіске сүйендік. Бұл әдістің көмегімен жазушылардың шығармаларының тарихи-мәдени аспектілерін түсінуге қол жеткіземіз. Кеңестік биліктің қоғамдық өмірді бақылау жүйесінің ерекшеліктерін анықтауда құрылымдық әдісті пайдаландық. Бұл әдіс кеңестік жүйенің жалпы құрылымының мазмұнын ашуға көмектеседі.

Кеңестік Қазақстан мен тәуелсіз Қазақстан кезеңдеріндегі жазушылардың шығармашылық қызметінің рөлдерінің ерекшеліктерін айқындау маңызды болып табылады. Бұл бағытта біз салыстырмалы талдау әдісінің көмегін ескердік.

1970-1980 жылдардағы жазушылардың шығармашылық бағыттарының өзара байланысын түсіну қажет болып табылады. Бұл тұрғыда бізге классификация әдісі көмегін ұсына алады. Аталған әдіс жазушыларды шығармашылық бағыттарына орай бірнеше категорияларға немесе топтарға жіктейді.

Нәтижелер. Кеңестер Одағында бірпартиялы және тоталитарлық жүйенің қызмет атқарды. Бірпартия үстемдік құрған қоғамда биліктің кез-келген идеология мен салаға тікелей ықпал жүргізетіндігі анық. Осы себепті коммунистік партияның әдеби шығармашылық пен жазушылардың үстінен бақылау орнату әрекеті 1920 жылдары басталған болатын. Кеңес Одағының көсемдері Ленин мен Сталин марксистік теориядағы әдеби ортаны бақылаудың әдістерінің әлсіз екендігін көрді. Осыған орай Ленин әдеби ортаны бақылаудың өзектіліктеріне арналған ойларын жарыққа шығарды. Кейін Сталин оның идеясын одан әрмен жетілдірді. 1928 жылдың жазында КСРО Орталық комитеті пропаганда жұмыстары бойынша Бүкілодақтық конференцияны жинады. Бұл конференцияда коммунистік идеологияның пропагандасын жүргізудің бағыттары мен перспективасы талқыланды. Конференция қорытындысы бойынша барлық өнер салаларын жаңа мәдени көзқарастағы қоғамды орнықтыруға жұмылдыру жөнінде резолюция қабылданды [9, 13-б.].

Ал, 1928 жылдың желтоқсандағы Орталық комитеттің бастамасымен өнер салаларына арналып ұйымдастырылған конференция коммунистік партияның шығармашылық салаға қатысты бақылауын ресмилендірді. Конференция жазушы-баспа-партия араларындағы қарым-қатынастың тетіктерін бекітті. Баспадан шығатын кітаптардың түрлері мен мазмұны айқындалды. Осылайша 1928 жылы КСРО-да әдебиеттің үстінен цензура нақты орнатылды.

1930 жылдары КСРО-да Сталин билігінің күші жоғарғы шыңына жетті. Осы кезеңде әдеби цензура жаппай репрессияға ұласты [10, 5-б.]. 1930-1940 жылдары Қазақстанда тарих, мәдениет, әдебиет салаларында мемлекеттік цензура толыққанды жұмыс атқарды. Жазушылар Одағы партияның тапсырысын орындайтын органдардың біріне айналды. Партияның идеологиялық бөлімі Жазушылар Одағының қадағалаушы органы саналды. Ал, елдегі жазушылар мен әдебиетшілердің барлығы Жазушылар Одағының мүшелігіне өтуі тиіс болды. Осылайша Қазақстанда әдеби шығармашылықта тоталитарлық жүйе орнады.

1940-1950 жылдары Қазақстанда жазушылардың жаңа буыны қалыптасты және олар бірқатар маңызды әдеби шығармаларды өмірге алып келді. Коммунистік идеологияның принциптеріне сай келетін әдебиеттерді жазушыларды мемлекеттік наградалармен марапаттау ісі 1950-1960 жылдары дәстүрге айналды. Мысалы, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мустафин секілді жазушылар кеңестік дәуірдегі Қазақстанда салынған завод-фабрикалардың қоғамды дамытудағы рөлі туралы шығармалар жазды. Ғ.Мустафин 1952 жылы «Қарағанды» атты романын жазып шығарды. Романда Қарағанды қаласында салынған кеңестік металлургия комбинатының тарихы сипатталған [6, 28-б.]. Ғ.Мустафин «Оянған өлке» атты романын 1953 жылы жариялады. Бұл романда кеңестік дәуірге дейінгі Қазақстанда өмір сүрген өндірістік тәсілдерді сынау және кеңестік өнеркәсіптің қуатын насихаттау стилі көрініс тапқан. Осы еңбегі үшін жазушы мемлекеттік Ленин сыйлығын 3 рет иеленді [11, 220-б.]. Б.Момышұлы Ұлы Отан соғысының шындықтарын өз шығармаларында шынайы бейнелеуімен оқырман жүрегінде орын алды.

Коммунистік партия әдебиет өкілдерінен негізінен кеңестік дәуірдегі қоғамдық-экономикалық және мәдени-ғылыми оң өзгерістерді суреттейтін шығармаларды жазуды талап етті. Ал, кеңестік дәуірге дейінгі тарихи кезеңдерді сипаттайтын әдебиеттердің авторларына белгілі бір талаптарға көнуге тура келді. Олардың өмірі мен қызметі кез-келген уақытта өзгеріске ұшырауы мүмкін еді. Мысалы, 1943 жылы ХІХ ғасырдағы қазақ ханы Кенесары туралы ғылыми шығарма жазған Е.Бекмахановты 1947 жылы 25 жылға бас бостандығынан айыру туралы үкім шықты. Оның негізгі кінәсі феодалдық дәуірдің өкілінің өмірін насихаттау және қоғамдық көзқарасты өзгертуге талпыну болды [12, 9-б.].

1970 жылдары Қазақстанның әдеби шығармашылығында бірқатар өзгерістер орын алды. 1970 жылдардағы әдеби цензураның 1930-1940 жылдармен салыстырғанда бірнеше есеге төмендегендігін көреміз. Қазақ халқының тарихы мен әдебиетін танытатын тарихи романдар мен көркем әдебиеттер жарыққа шықты. Белгілі жазушы И. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы 1976 жарыққа шықты [5, 21-б.]. Трилогияда ХІІІ-ХІХ ғасырлар арасындағы қазақ мемлекеттілігінің тарихы сипатталған. Бұл еңбек үшін жазушы бірқатар сындарға ұшырады. Бірақ, қатал әдеби цензураның құрбанына айналмады.

1970 жылдары кеңестік билік аппаратының тергеуіне ілінген бірнеше әдебиеттер тіркелді. Соның бірі О.Сүлейменовтың «А.З.И.Я» шығармасы болып табылады [13, 11-б.]. Аталған шығармада ХІІ ғасырларда өмір сүрген орыс князы Игорь мен қыпшақтардың арасындағы соғыстың оқиғалары сипатталған. Шығармада түркі тайпаларының мәдени құндылықтарының славян халықтарына тигізген әсері туралы тұжырымды аргументтер келтіріліген. Осыған байланысты кеңестік билік аппараты жазушыны қудалауға ұшыратты. Оның шығармасы кітап дүкендерінен алынды және қоғамда оқуға тиым салынды. Бұл 1970 жылдардағы кеңестік Қазақстанның жазушылық саласындағы ең үлкен қайшылық болып саналды. Оқырмандар жазушының тергеуге алынуына қарсылық танытты.

1970 жылдары негізінен әдеби ортада мемлекеттің жасырын цензурасы қызмет атқарды. Оның мағынасы былай болды мүмкіндігінше ұлттық тарихи-мәдени құндылықтар тақырыптарына әдебиеттер жазуға кедергі жасаумен өлшенді. Бұл жасырын қағиданы анық түсінген бірқатар жазушылар ұлттық тақырыптардан алшақ жүруге тырысты. Олар кеңестік идеологияның өнеркәсіп пен әлеуметтік салалардағы жетістіктерін сипаттайтын шығармаларды өмірге алып келді. Сонымен қатар, цензураның талаптарын толық сақтаған әдебиеттерге баспадан шығару мен мемлекеттік сыйлықтарды иеленуде жеңілдіктер жасалды.

1970 жылдары КСРО әдебиетін бақылаған кеңестік цензураны саяси-идеологиялық факторлармен тығыз байланыстырамыз. Себебі, біздің көзқарасымыз бойынша коммунистік партияның идеологиясы жазушылардың шығармаларынан тек маркстік-лениндік дүниетанымның іздерін көруге ұмтылды. Кеңестер Одағында 1932 жылғы бекітілген Өнер туралы концепцияда былай делінген: «автор маркстік-лениндік дүниетаным арқылы ғана Кеңес Одағы мен шет мемлекеттердегі өмірді шынайы бейнелей алады. Осыған байланысты маркстік-лениндік ұстаным аясында жазылған әдебиет қана әділ өнер туындысы болып танылуға лайық» [14].

Жоғарыда аталған 1932 жылы қабылданған Өнер концепциясы 1970-1980 жылдары да кеңестік әдебиеттегі негізгі теория қызметін атқарды [8, 97-б.]. Бірақ, 1970-1980 жылдары кеңестік әдебиетте идеологиялық-интеллектуалдық тазартулар орын алған жоқ. 1930-1940 жылдары кеңестік жазушылар одағында идеологиялық және интеллектуалдық тазартулар репрессиялық жолмен іске асқандығын білеміз. Әсіресе, 1936, 1946 жылдардағы кеңестік саяси бюроның Жазушылар Одағына қарсы ұйымдастырған тексерістері көптеген әдебиеттердің кітапханалардан алынып, қайта жазылуына себеп болған еді.

1950-1960 жылдары кеңестік партияның идеологиясы әдеби ортаға біршама бостандықтарды беруді дұрыс деп санады. Өйткені, КСРО саяси билігі қоғамды коммунистік идеология мен оның өмір салтына түбегейлі үйренді деп санады. Осылайша, кеңестік саяси-идеологиялық бақылаудың тетіктері өнер мен ғылым салаларында 1930-1940 жылдармен салыстырғанда біртіндеп әлсірей бастады. Бұл Л. Брежнев басқарған «Тоқырау» жылдары анық көріне бастады [7, 31-б.]. Әрине оның негізгі бағыты өз жұмысын сақтап қалды.

Саяси цензура 1970-жылдардың басында қалыптаса бастаған брежневтік «тоқырау» белгілеріне еріксіз қызмет етті және саяси-идеологиялық жүйенің құрамдас бөлігіне айналды. 1970 жылдардағы кеңестік саяси-идеологиялық цензура біріншіден шектелінген талаптарды бұзған адамдар мен тұтас мекемелерді сот-әкімшілікпен қудалайтын құралға айналса, екіншіден идеологиялық-психологиялық қысымдар жасайтын аппаратқа айналды. 1970 жылы 25 маусымдағы Қаз КСР Ғылым Академиясы №133 қаулысы шетелдерден келетін кітаптардың мазмұнын тексеруге бағытталды. Қазақ КСР Ғылым Академиясы мен Орталық Кітапхана мекемелеріне 65 елден келденк еліп түскен шетел кітаптарының идеясын тексеру үшін 10 адамнан тұратын комиссия құрды. Комиссия жұмысы шетелдік кітаптардың КСРО туралы пікірлеріне қатты мән берді. Жалпы комиссия жұмысы 12.000 кітапқа тексеріс жүргізді. Комиссия жұмысының нәтижесінде шетелдік апталық «Атлас» журналының 1969 жылға дейінгі 46 номері, 1970 жылғы 24 номері өртеу тәсілімен жойылды [8, 65-б.].

Жоғарыда аталған оқиға 1970 жылдардағы кеңестік әдеби цензураның актілерінің ішіндегі басты сипатқа ие болды. 1972 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жанындағы Бас Басқарма өз қаулысында сталиндік репрессия кезінде цензураға ілінген кітаптар тізімін пайдалануға шығармауды күшінде қалдырды [8, 65-б.]. Ол кітаптардың көпшілігі 1920-1930 жылдардағы қазақ классикалық әдебиетінің дамуына жоғары үлес қосқан жазушылардың әдебиеттері болып табылатын (кесте 1).

Кесте 1: 1972 жылы кеңестік Қазақстанда цензураға ілінген ескі әдебиеттер тізімі

№	Кітаптардың авторлары	Кітаптардың саны
1	Ж.Аймауытов	14
2	А.Байтұрсынов	41
3	Ә.Бөкейханов	4
4	Х.Досмұхамедов	13
5	М.Дулатов	16
6	Ә.Бөкейханов	4
7	М.Тынышбаев	7
8	Телжан Шонанов	27
9	М.Әуезов	3

Жоғарыда аталған әдебиеттер негізінен социализмге дейінгі қазақ қоғамының мәдени құндылықтары мен қоғамдық ерекшеліктерін сипаттайтын шығармалар болып табылды. Осылайша 1970 жылдардағы әдеби цензура жазушылардың өмірлеріне тікелей қауіп төндірмесе де алдын-алу шараларын қамтамасыз етуімен ерекшеленді.

1974 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Бас Басқармасы мен аймақтық басқармалардың цензорлары тарапынан 50353 газет, 14620 парақ кітаптар мен журналдар, радио, теледидарлардың 20 мың баспа парақ материалдары, 244 мыңнан астам киноленталар бақыланы. Жоғарыда аталған статистикалық мәліметтер әдеби шығармашылық цензураның үлкен көлемде болғандығын нақтылайды [9, 12-б].

1970 және 1980 жылдардың басында қызмет атқарған кеңестік цензура органдары әдебиеттерді тексеруде оның мемлекеттік мүддені қорғайтын факторларына ерекше назар аударды. Мысалы, Т.Шауқенбаевтың 1974 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «Қазақстан мұнай өнеркәсібінің экономика-сы» атты кітабындағы мұнай кен орындарының қорлары туралы деректер алынып тасталды [8, 67-б.]. Сонымен қатар, «Қазақстан» баспасынан шыққан А. Соловьевтың «Қазақстанның түсті металлургиясы» атты кітабынан мемлекеттік құпияны ашатын 25 факті анықталып, тиісті беттер алынып тасталды [8, 69-б.]. Жалпы 1960-1970 жылдары Кеңестер Одағының өндірістік қуатының артқаны белгілі. Елде көптеген ірі өндіріс орындары ашылды. Оларды әдебиет кеңістігінде насихаттауға коммунистік партия жағдай жасауға ұмтылды. Себебі, осы арқылы коммунистік идеологияның күдіретін қоғамға сіңдіру көзделінді. Бірақ, стратегиялық маңызы бар өнеркәсіп нысандары туралы құпияларды жасыру әдеби цензураның басты міндеттерінің бірі болды [15, 103-б.].

1970 жылдардың соңында кеңестік саяси-идеологиялық цензураға қарсы тұрған азаматтардың бірі Хасен Қожахмет болды. Ол 1974-1977 жылдары «Жас қазақ» деген жастар ұйымын құруға ұмтылды. Осы бағытта бағдарлама және болашақ мүшелерінің антын, аты-жөндерін жазды [13, 22-б.]. Ұйымның мақсатын айқындайтын бірнеше мақалаларды жариялады. Бірақ, кеңестік цензура оны 1977 жылы ұстап 2 жылға бас бостандығынан айырды. 1982-1983 жылдары Ю.В. Андропов билігі тұсында КСРО да саяси-идеологиялық бақылаудың күшейгендігі белгілі. Оның ықпалы әдеби шығармашылық саласында да сезілді. Баспалар мен Жазушылар Одағының қызметтерін тексеру және идеологиялық мақсаттарын қайта бекіту жұмыстары орын алды [13, 22-б.].

Осы тұста атап өтетін бір факті бар ол кеңестік қызметтің этикасына айналған жиналыстардың жиі өткізілуі және жазалаушы әдіске айналуы. 1970-1980 жылдары әдебиет саласындағы цензураның жұмсақ тәсілдерінің бірі ретінде жиналыстардың қызмет атқару болып табылды. Сонымен қатар, жиналыстар жиі өтуімен есте қалды. Жазушылар Одағының негізгі міндеттерінің бірі ол жиналыстар алаңын көп ұйым-дастыруымен ерекшеленді. Жиналыстарда жазушылардың шығармаларының мазмұны мен идеологиялық аспектілеріне басты назар аударылды [15, 136-б.]. Жазушылар Одағы мен Бас Басқарма бекіткен ереже-лерден ауытқып кеткен әдебиеттердің авторларына ескертулер жасалынды және кейде Жазушылар Одағының мүшелілігінен шығарылды. Ал, Жазушылар Одағының мүшелілік куәлігінен айырылған авторға өз еңбектерін баспадан шығару және жариялауға мүмкіндіктер жабылды дегенді білдірді.

1983 жылы Жазушылар Одағында әртүрлі орган өкілдерінің қатысуымен 168 жиналыс өткізілді [13, 22-б.]. Аталған жиналыстардағы басты тақырып жоспарда тұрған әдеби шығармаларда жаулық пиғылдағы элементтерге жол бермеу және коммунистік идеологияның мүддесіне сай қызмет атқару болып табылды. 1982 жылы Қазақ кеңестік социалистік республикасы бойынша тиражы 132225 дана шығуы жоспарланған 32 әдебиеттің баспадан басылуына шектеу қойылды [9, 16-б.]. Негізгі себеп, әдебиеттердің мазмұнының социалистік идеологияға сай келмеуі және авторлардың жеке биографиясының сенімсіздігі болып табылды.

Жалпы КСРО-да әдеби шығарманың авторының жеке биографиясы мен генеологиясы үлкен рөл атқарды. Себебі, кеңестік саяси-идеологиялық принцип бойынша тұлғаның таптық шығу тегі оның өмір жолына үлкен әсер етеді. Осыған сәйкес жазушылардың шығу тегі мен өскен ортасы баспада жіті қаралды. 1983-1985 жылдары Қазақстанда әдеби цензураның негізгі жұмысы кітапханалар мен типографияларға бағытталды. Әсіресе қалалардағы балалар кітапханасының қорлары жылына 3 рет тексеріске ұшырап отырды. Мысалы, 1984 жылы Алматы, Жамбыл, Целиноград қалаларының балалар кітапханасынан рұқсат етілмеген кітаптар табылып, кітапхана басшыларына әкімшілік жазалар қолданылды [8, 96-б.]. Осыған байланысты 1984 жылы республика бойынша құрылған арнайы комиссиясының жұмысымен кітапхана қызметкерлерімен 11 рет кеңес, 377 жеке әңгімелер өткізілді [13, 11-б.]. Әңгімелер барысында кітапханалар қызметкерлеріне шектеу қойылған кітаптардың мазмұнына қатысты сұрақтар қойылды және олардың зиянкестігі туралы кеңестер айтылды [8, 92-б].

Жалпы 1985 жылы Республикада кітап сақтайтын арнайы 8 қор болды, оның 3-де шет тілдерінде шыққан әдебиеттер сақталынды. Сондықтан шет тілдеріндегі әдебиеттерді сақтайтын қардың жетекшілерінің кәсіби біліктілігіне басым аударылды (Мусагулова, 2014). 1984 жылы Қазақстан коммунистік партиясының идеология бөлімінің басшысы ауысты. Жаңа басшы цензура саясатын қатайтуға ұмтылды. Жаңа басшы ұлттық санада ойлайтын және жазатын жазушыларды қысымға алды. 1984-1985 жылдары ұлттық санадағы әдебиеттердің авторлары саналатын 17 жазушымен арнайы әңгімелер жүргізілді. Олардың алдағы шығаратын шығармашылық жұмыстары туралы сұрақтар қойылды [2, 43-б.].

1985 жылы М.С. Горбачевтің билікке келуі саяси-идеологиялық цензураның күшін жұмсартты деуге негіз табылады. «Жариялылық» саясатын ұстанған М.С. Горбачев билігі бұрын шектеу қойылған әдеби авторлардың есімдерін қайта қарады және олардың еңбектерін оқуға рұқсат етті [5, 29-б.]. 1985-1991 жылдары әдеби цензурадағы негізгі актілердің бірі ретінде Қазақ КСР Энциклопедиясының Бас редакциясының материалдарына қатысты тексеруді атауға болады. 1987 жылы КСРО коммунистік партиясының XXVII съезінің шешімдеріне орай бірқатар баспалардың жұмыстары сынға алынды. Оның ішінде энциклопедия баспасының жұмыстары негізгі тақырыпқа айналды. Осыған сәйкес, Қазақ КСР энциклопедиясының жаңа бөлімінің жұмыстары уақытша тоқтатылды және оның алдағы бағыттары айқындалды.

1988 жылдың желтоқсан айы Қазақстандағы коммунистік партияның цензура саясатының жеңілуінің бастапқы кезеңін қалыптастырды. 1988 жылы желтоқсан айында Алматы қаласында өткен баспа басшыларының семинарында әдебиеттерге қатысты сыни талаптарды алып тастау және цензураның күшін азайту туралы ұсыныстар талқыланды [8, 99-б.]. Осыдан кейін, 1988 жылдың 8 желтоқсанында Қазақстан коммунистік партиясының Орталық комитетінде қазіргі заманның шарттарына сәйкес партияның идеологиялық жұмысының аспектілерін өзгерту бойынша жиналыс өтті. Онда ескі коммунистік идеологияның шаблондарынан бас тарту және бостандық, еркіндік құндылықтарын енгізудің қажеттіліктері ортаға салынды [8, 98-б.]. Жиналыс нәтижесінде Орталық комитеттің шешімімен 1937-1988 жылдары сталиндік репрессияға ұшырап, «халық жаулары» атанған қазақ халқының бір топ жазушыларының еңбектерін қайта басып шығару және оқыту жөнінде қаулы қабылданды. Бұл коммунистік партияның идеологиясы үшін ауыр соққы болды [14, 110-б.].

Жоғарыда аталған фактілер 1988 жылдан бастап Қазақстанда кеңестік идеологияның цензурасының күшін жойғандығын негіздейді. Жалпы алғанда кеңес үкіметінің саяси-идеологиялық бақылау жүйесі коммунистік партияның абыройын қорғауға құрылған болатын. Ал, коммунистік партияның жалған идеал көрінісінің қоғам санасына жетуі, оның күйреу процессін жеделдетті. Коммунистік партияның саяси-идеологиялық цензурасы әдеби органы 60 жылғу жуық өзінің мүдделеріне сай қызмет етуге мәжбүрледі. Жазушылардың шығармашылық еркіндігі шектелінді және бір образды ойлау кеңістігінде қалып қойды.

Талқылау. Жоғарыда талқыланған факторларға баға бере отырып, жазушылардың кеңестік идеологияның үлкен құралы болғандығына көз жеткіздік. Кеңес билігі жазушылардың көмегімен қоғамды коммунистік рухта тәрбиелеуге ұмтылды. Осы мақсатта жазушылардың шығармашылығына үлкен шектеулер қойылды және бақылау орнатылды.

1970-1980 жылдардың басқа кеңестік кезеңдерден айырмашылығы жазушылардың шығармашылық жұмыстарына «жұмсақ цензура» саясатының қолдануымен түсіндіреміз. Себебі, осы кезеңдері қазақ тарихы мен әдебиетінің құндылықтарын насихаттайтын шығармалар, романдар жарық көрді. Ал, бұған дейінгі кеңестік кезеңдерде ежелгі ұлттық мәдениет пен тарихты қозғайтын еңбектерді жариялауға қатаң цензура орнатылған болатын (Аширов & Исмаилов, 1984). Бірақ, 1970-1980 жылдардағы цензураның құрбаны болған жазушылар жоқ емес. Олар Жазушылар Одағының тәртіптік кеңесі мен мемлекеттік қауіпсіздік органдарының тергеулерінен өтуге мәжбүр болды. Бірақ, оларға 1930-1940 жылдардағы секілді түрмеге айдау, ату жазасы секілді қатаң тәсілдер қолданылмады.

1970-1980 жылдары жазушылар шығармашылықта бірқатар еркіндіктерге қол жеткізді. Осы кезеңде «Құлагер», «Көшпенділер», «Біржан сал», «Ақан сері» секілді романдар жарық көрді [3, 35-б.]. Аталған романдарды жазушылар қоғамда үлкен танымалдылыққа қол жеткізді және мемлекеттік наградаларды иеленді. Бірақ, бірақтар ұлттық бағыттағы жазушылар тиісті органдардың қысымына ұшырады және шығармашылық жолда кедергілерге тап болды.

1970 жылдары цензураның күші әлі де байқалып тұрды. 1980 жылдары кеңестік идеологияның ғылым мен шығармашылықтағы цензурасы үлкен өзгерістерге ұшырады. Бұған М.С. Горбачевтың «Қайта құру» саясатының ықпалы жоғары болды. 1980 жылдардың екінші жартысында қазақстандық жазушылар бұрын тиым салынған әдеби-мәдени тақырыптарға қатысты шығармашылықтарын ұлғайтты. Әдеби салада жаңа көзқарас пен ұстанымға сай жазылған еңбектер пайда болды. Бұл өзгерістер жазушылардың жаңа буынының қалыптасуына алып келді.

Кеңестік бақылау аппараты жазушылардың шығармашылығын қандай механизмдердің көмегімен қадағалады? деген сұрақ туындайды. Жазушылар өздерінің шығармаларын баспадан шығару үшін 3 түрі этаптан өтуі тиіс болды:

1. Жазушылар Одағының шығармашылық кеңесі;
2. Коммунистік партияның идеологиялық бөлімі;
3. Баспахана.

Аталған этаптардан өту арқылы жазушы өзінің шығармасын баспадан жариялауға мүмкіндік алды. Жоғарыда аталған бақылау тетіктерінің ішіндегі ең қиыны коммунистік партияның идеологиялық бөлімі болып табылды. Жазушы өзінің шығармасын Жазушылар Одағының шығармашылық кеңесінде бекіткен соң, партияның идеологиялық бөліміне жолданылды. Онда жазушыға кез-келген сұрақтар қойылуы мүмкін болды.

Партия тарапынан бекітілген соң ғана жазушының туындысы баспаханаға жолданылатын. Ал, баспаханалар партияның хаттамасынсыз ешқандай әдеби шығарманы басып шығаруға тиіс болмады. Себебі, КСРО-да барлық баспаханалар мемлекет тарапынан қаржыландырылды және партияның идеологиялық бөлімімен тығыз байланыстар құрды.

Жазушылардың шығармашылық қызметін бақылаудың қосымша тетігі ретінде газет-журнал редакциялары саналды. Себебі, Жазушылар Одағы тарапынан мақұлданған маңызды әдеби шығармалардың қысқаша аннотациясы баспаға жіберілмей тұрып «Правда», «Литературная газета» сияқты журналдар мен газеттерде жариялануы тиіс болды [8, 91-б.]. Бұл бағытта әдеби шығармалар редакциялардың бақылауы-нан өтуге мәжбүр болды. Журналдардың редакциялары саяси-идеологиялық аспектілер бойынша әдеби шығармаға өздерінің түзетулерін енгізуге құқылы болды. Жоғарыда аталған бақылау құралдары әдеби шығармаларды жат идеологиялық элементтерден тазартуды қамтамасыз етті. Жазушыларға әрбір бақылау этапында өздерінің көзқарастарын негіздеуге тура келді. Бірақ, бақылау органдарымен тікелей қарама-қайшылыққа бару кез-келген жазушы үшін қызметтік карьерға нүкте қоюмен тең болды.

Қорытынды. Кеңес Одағында коммунистік партия билігінде пропаганда, үгіт-насихат жұмыстары белсенді рөл ойнады. Коммунистік идеологияның пропаганда қызметінде әдеби шығармашылықты бақылау маңызды саналды. Себебі, газет-журнал және әдеби туындылар қоғамның ақпараттық қажеттіліктерін қамтамасыз ететін дереккөздер болып табылды. Сондықтан жазушылардың жеке өмірі мен қызметі тиісті органдардың бақылауында үнемі болды.

Жазушылар тоталитарлық қоғамның негізгі мүшелерінің қатарына жатты. Жазушылардың шығармашылығы коммунистік партияның идеологиялық мүдделеріне тікелей тәуелді болды. Жазушылар өздерінің шығармаларын жариялауда баспаның талап-тілектерін орындауға бейімделді. Кеңестер Одағында жарық көрген көркем әдебиетті шынайы суретшілердің өнімі ретінде емес, пысық қолөнерші-лердің нарыққа шығарған өнімі ретінде қабылдау дұрыс болатын. Жазушыларға әдеби шығармаларын қоғамдық талқылауға ұсынуда көптеген фактілер мен шындықтардан бас тартуға тура келді. Ал, мемлекеттік идеологиядан тыс әдеби туындыны ұсыну жазушының қызметтік карьерасына жанама қауіптер тудырды. Оның әлеуметтік ахуалы белгілі бір тәуекелдерге тап болуы мүмкін еді. Осыған орай, кеңестік жазушылар өз еңбектерін жүзеге асыруда баспаның, партияның бағытын және оқырманның тілектерін ескеруге тиіс болды. Жазушы коммунистік идеологияның жасанды құралына айналды. Бірақ, бірқатар жазушылардың кеңестік цензураның талаптарына қарамастан ұлттық сана мен рухты оятатын еңбектер жазуы, цензураның өз міндетін толыққанды атқара алмағандығын көрсетеді.

Жалпы алғанда кеңестік саяси-идеологиялық цензура өнер мен шығармашылықты бақылау бойынша жаңа тәсілдерді әлемдік тәжірибеге енгізді. Оның кері әсерлерінің басым болғандығы сөзсіз. Кеңестік цензураның әдістері кейінгі тоталитарлық және авторитарлық билік жүйелеріне үлгі ретінде қызмет етті. Бұл адамзаттың шығармашылық ойлаудағы басты байлығы саналатын еркіндіктің шектелуіне алып келді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. – Алматы: Жазушы, 1993.
2. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы. Қазақ университеті, 1999.
3. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана: Күлтегін, 2000.
4. Сейітов С. Ой керуені. – Алматы: Kitap, 2007.
5. Әбдіманұлы Ө. «Ақтаңдақтар» ақиқатын айтқан // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. - 1997. - № 9. – Б. 18-26.
6. Әділханова Ж.С. XX ғ. 60-90 жылдарындағы әдебиеттану ғылымы: С. Сейітов зерттеулері. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 162 б.
7. Аманжолова Д.А. Советское притяжение: историческая литература Республики Казахстан о советском веке // Прошлый век. – 2013. - № 2. – С. 28-35.

8. Мусагулова, А.Б. Қазақстандағы идеологиялық цензура тарихы (XXғасырдың екінші жартысындағы Республика тарихының өзекті мәселелері бойынша). – Алматы: ҚазҰУ, 2014.
9. Каипова Б. История политической цензуры в Казахстане (1929 -1956): автореф. ... канд. ист. наук.: – Астана, 2002.- 30 с.
10. Ерғобек Қ. Арыстар мен ағыстар (әдебиеттану сын әлемі) төртінші кітап. - Алматы: «Қазығұрт», 2003. - 95 б.
11. Капаева А. Культура и политика (Государственная политика в области культуры в Казахстане во второй половине 1940-1991-гг.). – Алматы: «Атамұра, 2004. – С. 219-220.
12. Қуандық Е.С. Қазақстан тарихы. Кеңес және тәуелсіз Қазақстан дәуірі. – Алматы: «Дәуір», 2009. – 17 б.
13. Забих Ш.А. Публицистическая и журналистская деятельность Алихана Букейханова: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. – Алматы, 2002. – 29 с.
14. Мамардашвили М. К. Мысль под запретом //Вопросы философии.- 1992. - № 4. - С. 110
15. Аймермахер К. Политика и культура при Ленине и Сталине. 1917-1932 гг. – Москва, 1998. – 465 с.

References:

1. Ashimbaev S. Shyndykka syjispenshilik. – Алматы: Zhazushy, 1993.
2. Smagulov Zh. Kazak adebiettanu gylymynyn tarihy. – Алматы. Kazak universiteti, 1999.
3. Nurgali R. Kazak adebietinin altyn gasyry. Zertteu. – Астана: Kultegin, 2000.
4. Seitov S. Oi kerueni. – Алматы: Kitap, 2007.
5. Abdimanuly O. «Aktandaktar» akikatyn aitkan // KazUY Habarshysy. Filologiya seriyasy. - 1997. - № 9. – B. 18-26.
6. Adilhanova Zh.S. XX з. 60-90 zhyldaryndazy әdebiettanu zыlymy: S. Seitov zertteuleri. – Алматы: Kazk universiteti, 2014. – 162 b.
7. Amanzholova D.A. Sovetskoe prityazhenie: istoricheskaya literatura Respubliki Kazahstan o sovetskom veke // Proshlyj vek. – 2013. - № 2. – S. 28-35.
8. Musagulova, A.B. Kazakstandagy ideologiyalyk cenzura tarihy (XX gasyrdyn ekinshi zharty syndagy Respublika tarihy nin ozekti maseleleri bojynsha). – Алматы: ҚазҰУ, 2014.
9. Kaipova B. Istoriya politicheskoy cenzury v Kazahstane (1929 -1956): avtoref. ... kand. ist. nauk.: – Астана, 2002.- 30 с.
10. Ergobek Қ. Arystar men agystar (adebiettanu syn әlemi) tortinshi kitap. - Алматы: «Kazygurt», 2003. - 95 b.
11. Kapaeva A. Kul'tura i politika (Gosudarstvennaya politika v oblasti kul'tury v Kazahstane vo vtoroj polovine 1940-1991-gg.). – Алматы: «Atamұra, 2004. – S. 219-220.
12. Kuandik E.S. Kazakstan tarihy. Kenes zhane tauelsiz Kazakstan dauiri. – Алматы: «Dauir», 2009. – 17 b.
13. Zabih Sh.A. Publicisticheskaya i zhurnalistskaya deyatel'nost' Alihana Bukejhanova: Avtoref. dis. ... kand. ist. nauk. – Алматы, 2002. – 29 s.
14. Mamardashvili M. K. Mysl' pod zapretom //Voprosy filosofii.- 1992. - № 4. - S. 110
15. Ajmermaher K. Politika i kul'tura pri Lenine i Staline. 1917-1932 gg. – Moskva., 1998. – 465 s.